

АНА ТІЛІ

Ұрпақ Тағдыры

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Бағы жанған Баатырбек



Қостанайда Ілияс Омаровтың есімі берілген қазақ драма театры жұмыс істейді. Өткен жылдан бері театрдағы бас режиссерлік қызметін қырғыз халқының өкілі жергілікті зиялы қауымның құрметіне бөленген Баатырбек Шамбетов атқарып келеді. Ол көршілес жатқан Қырғызстанның Ыстықкөл облысына қарасты Балықшы деп аталатын шаһарда дүние есігін ашты.

Баатырбек сағымдай бұлдырап артта қалған, яғни мектептегі оқушы болса да өнер саласына айрықша құштарлық танытты. Әжесі Бұрылыш қырғыз ұлтының атадан балаға мирас болған рухани құндылықтарына әбден жетік-ті. Көңілі сара жан шешендік өнерді жоғары қоятын. Осынау асыл адамнан ес білгеннен ертегілерге, батырлар жырына, Манас, Ер Тарғын сияқты аңызға айналған тұлғаларға қанығып өсті.

Жылдар артына қаратпай зырылдап өте берді. Бұл да өзге құрдастары секілді қырғыз орта мектебін ойдағыдай тәмамдады. Алдында толған мақсат тұрды. Бірақ кішкентайынан көкसेген өнер саласын таңдады. Көп ойланып жатпастан қазақ елі, яғни киелі Алатаудың баурайындағы Алматы қаласына табан тіреді. Бұл 1995 жылдың жылы шуағын шашып тұрған жаз айы еді. Небәрі 17 жастағы бозбала бағын сынап, құжатын сол кездегі Қазақ мемлекеттік театр және кино институтына тапсырды. Бұл жерден Баатырбек ініміз театр және кино актері мамандығын алып шықты.

Студенттік жылдар да артта қалды. Өзі қалаған актерлік мамандығын үздік тәмамдады. Тәлімгері Оразалы Ақжарқын-Сәрсенбек Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Петропавл шаһарындағы Сәбит Мұқанов атындағы облыстық қазақ сазды драма театрына директор әрі көркемдік жетекші болып тағайындалуына байланысты оны өнер

ұжымына қызметке шақырды. Өзін актерлік кәсіпке баулыған тұлғамен бірге қызмет ету бақыты бұйырды. Сөйтіп, Ресеймен көршілес жатқан өңірдегі өнер ордасында шеберлігін шыңдады. Жергілікті ағайындар да мінезі көпшіл, бауырмал да мейірбан азаматты жатсынған жоқ. Өз қызметінің қыры мен сырын жетік білетін білікті маман сол қалада жиырма жылдан астам жұмыс істеді. Ол негізгі қызметінен қол үзбей жүріп, Қырғыз мемлекеттік өнер институтының драма режиссері бөлімін тәмамдады. Содан кейін білім мен таным көкжиегін кеңейту мақсатында Ресейдің Санкт-Петербург мемлекеттік театр өнері академиясында да осы саладағы біліктілігін жетілдірді. Ол режиссерлік жауапкершілігі өте мол жұмысты да батылдықпен қолға алды. Өзіне деген зор сеніммен 2006 жылы Михаил Задорновтың «Күйеуіңізді сатыңызшы» комедиясын сахнада қойды. Бұл туынды ә дегеннен көрермендердің көңілінен шықты.

Актер ретінде екі рет Софоклдің «Эдип патшасында» – Эдип, Н.Гогольдың «Ревизор» комедиясында Дуанбасы рөлдерін асқан шеберлікпен сомдағаны үшін «Үздік ер бейнесі» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

Ұжымның сенімін ақтап, сахнада талай драмалық шығармаларды сәтті қойған ол 2012 жылдан бері бас режиссер лауазымын абыроймен атқарды. Өзі де жергілікті ағайындарға әбден бауыр басып қалғанымен, Қостанай облыстық драма театрының бұрынғы басшысы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлімхан Мырзаханның қолдауымен бұл ұжымдағы қызметіне тыңғылықты кірісті.

Жаңа ортаға да жаны жайсаң жігіт тез сіңісіп кетті. Арада көп уақыт өтпей жергілікті руханиятқа ерекше ден қоятын қандастарымыз бен жастардың ойынан шығатын туындыларды көпшілікке ұсынды. Сол қоңыр күзден бері театр ұжымын ортақ мақсатқа жұмылдыра білудің нәтижесінде, есте қаларлық шығармаларды сахнада қоя білді. Мысалы, бұл күндері қазақ елінде Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, қаламгер Төлен Әбдіковті кім білмейді. Сол көркем сөз зергерінің «Өтелмеген парыз» деп аталатын спектаклін көрермендердің жүрегіне жеткізіп, терең ой салды. Сондай-ақ А.П.Чеховтың «Кішкентай адамның үлкен трагедиясы» деп аталатын комедиясы режиссердің нағыз қолтаңбасын көрсететін туынды ретінде қостанайлық зиялы қауымның назарын аударды.

Ұлтымыздың біртуар ақыны әрі сазгері Исраил Сапарбайдың «Сыған серенадасы» Қазақстанның Еңбек Ері, атақты композитор Шәмші Қалдаяқовқа арналғаны жұртшылыққа белгілі. Ол да көркемдік жетекшінің біліктілігі мен жауапкершілікті жоғары сезінетін қабілет-қарымының арқасында жерлестеріміздің ыстық ықыласына бөленді. Ал өзбек халқының талантты драматургы Шараф Башбековтың «Темір қатын» комедиясы да көпшілік қауымның назарын аударып, Баатырбек Рысқұлұлының беделі мен абыройын арттыра түсті. Осы аталғандармен

қатар есімі республикамызға жақсы таныс Армиял Тасымбековтың «Алжир» реквием-жоқтауы да театрға келушілерді өзінің жан дүниені ерекше ықпал ететін терең мазмұнымен ұзақ сақталары хақ. Ғұмырын актерлік, содан кейін режиссерлік мамандыққа түпкілікті бағыштаған бауырымыз тынымсыз аянбай тер төге білуінен де шығар, сахнада қойылған үш спектаклі республикалық және халықаралық фестивальдерде топ жарды. Мәселен, Алаш ардақтысы, көрнекті ақын Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» деп аталатын туын-дысы екі рет халықаралық деңгейдегі әділқазылар алқасының тарапынан бас бәйгені жеңіп алғанын тілге тиек етсек, режиссердің қаншалықты еңбек сіңіргендігін пайымдау қиынға соға қоймас.

Үстіміздегі жылы Қырғызстанда ұйымдастырылған «Эргүү» фестиваліне ұсынылған туынды «Үздік шетелдік спектакль» номинациясы бойынша ерекше көзге түсті. Онда тәжік режиссері Барзу Абдуразақовтың «Сұлтанның аты сұлтан» деп аталатын комедиясы көршілес елдің талғампаз көрермендері мен осы саладағы білікті мамандарды тәнті етті.

Бұл шығармада басты рөлдерді Баатырбек Шамбетов пен қазақ театрының халыққа танымал белді актерлері Қуаныш Маратұлы мен Бақытжан Таңатқанұлы шеберлікпен сомдап, үлкен табыспен оралды. Былтыр Қарағанды қаласында көрнекті театр сыншысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әшірбек Сығай атындағы «Сын шын болсын» деп аталатын республикалық театр фестивалінде А.П.Чеховтың белгілі спектаклі қойылып, лайықты бағасын алды. Өнер ұжымының тағы да бір келешегінен үлкен үміт күттіретін қабілетті актері Олжас Бегайдаров екінші пландағы «Үздік ер бейнесі» номинациясында лауреат атанды. Соның нақты көрінісі ретінде бұл күндері оның кеудесінде Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, ТМД Парламентаралық Ассамблеясының «Мәдениет пен өнерді дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төс белгілері жарқырайды. Ол талай шығармашылық байқауларда «Актерлік ізденістері үшін», «Режиссерлік ізденістері үшін», «Ең үздік қойылым», «Үздік спектакль», «Үздік ер адам бейнесі» секілді құрметтерге кенеліп, әріптестеріне өнеге боларлықтай асуларды бағындырды.

Баатырбек үлкеннің де, кішінің де қадірін білетін мәдениетті азамат. Театрдың бетке ұстар өнер майталманы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қонысбек Бегайдаров, талантты сахна шеберлері Қабдул-Мәжит Иманов, Шара Мүсілова, Ақдәмен Досанова, Зәмзәгүл Бегайдарова, келешегінен үлкен үміт күттіретін Азамат Шөкеев, Диана Тұрсынова, Ерхан Барақов, Олжас Бегайдаров, Әсем Есжанова сынды актерлерді үнемі мақтанышпен ауызға алады.

Өнер ұжымында отыз актер қызмет атқарады. Олардың қатары жоғары білімді жастармен толығып жатыр. Ал әдебиет бөлімін ақындық дарынымен елімізге белгілі ініміз, Қазақстан Жазушылар одағының

мүшесі Абылай Мауданов басқарады. Ол драматургия саласында да еңбек етіп жүр. Жұртшылық сарабына салынар туындыларға келетін болсақ, бәрі де әбден актерлердің шеберлігін танытқан драмалық шығармалар. Бұлар – «Сұлтанның аты сұлтан», «Кішкентай адамның үлкен трагедиясы», «Алжир» секілді мазмұны терең әрі көрермендердің жадында ұзақ сақталар рухани дүниелер. Бір ерекше тоқтала кетер жай, бір кездері өзі аса танымал тұлғаның талантты шәкірті болса, бұл күндері негізгі қызметінен тыс кездері Қостанай өңірлік университетіне қарасты педагогикалық институтының өнер факультетіндегі студенттерге дәріс береді.

Жергілікті азаматтар Баатырбек пен оның жан-жары Аида Супатаева қарындасымыздың өнер үшін туған жандар екенін айтудан жалықпайды. Ерлі-зайыптылар кезінде театр және кино институтында бір топта оқыды. Келініміз де Қырғызстанның Ақсу ауданының тумасы. Жас жұбайлар екеуі көңілдері жарасып, 1999 жылы жеке шаңырақ көтерген-ді. Аида да азаматымен бірге еңбек жолын Петропавл қаласындағы Сәбит Мұқанов атындағы облыстық қазақ сазды драма театрында бастады.

Туа бітті қабілет иесі де күйеуі секілді тәжірибелі маман. Сахнаның қыры мен сырын әбден меңгерген. Көп жылғы актрисалық жемісті жұмысы үшін Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері атанды. Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Құрмет грамотасымен марапатталды. Жаңа туындыларды сахнаға шығарар алдында ақылдасып-кеңесіп отырады. Бір-бірін қолдайды. Ата-ана ретінде үш перзенттерінің келешегіне айрықша көңіл бөліп, тәлім-тәрбиесін басты назарда ұстайды. Тұңғыштарының есімі – Бегімай, одан кейінгі Нұрсұлтан мен Бексұлтан да әке-шешесінің көз қуанышы. Үлкендері сонау туып өскен өңірдегі анасының қолында болса, қалған екеуі Қостанайдағы қазақ тілінде білім беретін мектепте оқиды. Жуырда жоғарыда аталған облыстық драма театрының жаңа маусымы жұртшылыққа есігін айқара ашты. Көрермендерге Өтен Ахметовтың «Алаштың Ахметі» деп аталатын драмалық туындысын ұсынды. Оны белгілі режиссер Қуандық Қасымов қойды. Бұл туынды Алаш ардақтысы, ұлт көсемі Ахмет Байтұрсыновқа арналған. Шығарма көпшіліктің көңілінен шығып, халықтың шынайы алғысына бөленді. Өзінің жан сарайының кеңдігімен назарымды аударған көркемдік жетекші әрі режиссер әдебиетіміздегі көрнекті ақындар Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Шаханов, аса танымал қаламгерлер Дулат Исабеков, Төлен Әбдіков, Роллан Сейсенбаевтардың шығармаларын ықыласпен оқитындығын тілге тиек етті.

Қазіргі таңда туыстас қырғыз халқының өкілі Баатырбек Шамбетов ұлтымыздың аса сыйлы бір ұлындай болып кетті. Оның қазақ өнерін асқақтатып, жарқын талантымен биік шыңдардан көріне беруіне тілектеспіз.

Оразалы Жақсанов